

«ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА»
NP JSC «ZHETYSU UNIVERSITY OF THE NAME OF ILYAS ZHANSUGUROV»

БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНА/ APPROVED

университеттің Ғылыми Кеңесі отырысында/
на заседании Ученого совета университета/
at the meeting of the Academic Council of the University/
Хаттама/ Протокол/ Protocol № 10 «6» 09 2022

Басқарма төрағасы – Ректор/ Председатель
Правления - Ректор/ Chairman of the Board - Rector



г.ғ.д., профессор Қ. Баймырзаев/
д.г.н., профессор Қ. Баймырзаев/
d.g.s. Professor K. Baimyrzayev

ЭЛЕКТИВТІ ПӨНДЕР КАТАЛОГЫ

6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасы бойынша
қабылдау жылы: 2022

КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

по образовательной программе 6B01701 – «Казакский язык и литература»
год приема: 2022

CATALOG OF ELECTIVE DISCIPLINES

on educational program 6B01701 – «Kazakh language and literature»
year of admission: 2022

Талдықорған/ Талдықорган/ Taldykorgan, 2022

Элективті пәндер каталогы білім алушылардың жеке білім траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерінің жүйелендірілген тізбесі болып табылады/ Каталог элективных дисциплин представляет собой систематизированный перечень элективных учебных дисциплин для формирования индивидуальной образовательной траектории обучающихся / The Catalog of elective disciplines represents the systematic list of elective academic disciplines to form an individual educational trajectory of learners.

ББ жетекшісі/
Руководитель ОП/
Supervisor of educational program:



ф.ғ.к., қауымд. проф. (доцент),
Кыяхметова Ш. А./к.ф.н., асс. п
(доцент), Кыяхметова Ш.А./ Can
Philological Science:
prof., Kyayakhmetova Sh.A.

Жұмыс берушілермен және студенттік активтің өкілдерімен келісілген/ Согласован с работодателями и представителями студенческого актива/ Agreed with the employers and student activity representatives:

Жұмыс берушінің
ұйымдастырушылық-құқықтық
нысаны мен атауы/
Организационно-правовая форма и
наименование работодателя/
Legal form and name of the employer



«Алматы облысы (басқармасының) Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «Атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы» КММ қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі
Учитель средней школы №1 и:
Абая ГУ «Отдел образования города Талдықорған Управл образования Алматинской области
Teacher of secondary school No named after Abay State Institi
«Department of Education in the ci Taldykorgan of the Department Education of the Almaty Reg
А.Р.Досыкенова / А.Р.Досыкенов
A.Dossykenova

Студенттік активтің өкілі /
Представитель студенческого
актива /
Student activity representative:



Гум.ғыл. жоғары мектебінің 3
студенті
Студент 3 курса высш. школы наук
3th year student of the Higher School
Humanities Жұбатқанов С.
/ Жұбатқанов С. Х., / Zhubatkanov S.

Университеттің Академиялық Кеңесі отырысында ұсынылған/ Рекомендован на заседании Академического совета университета / Recommended at the meeting of the University academic council

(Хаттама/ Протокол/ Report № 7, «77» 03 2020.

Университеттің Академиялық
Кеңесі төрағасы/ Председатель
Академического совета
университета / Chairman of
University academic council



PhD докторы, ассистент профессора
М.А.Ахмади, / Доктор Р.
ассистент профессор М.А. Ахмади
Doctor of PhD, Akhmedi M.A.

Модуль коды: ӘГ-2

Модуль атауы: Әлеуметтік-гуманитарлық

Пән атауы: Қоғамтану білімі (пәнаралық білім)

Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Мақсаты: Бұл курстың мақсаты заң ғылымының нәтижелерімен, қоғамдық қатынастардың дамуындағы мемлекеттің және құқықтың рөлімен таныстыру, нормативтік заң актілерін білуге үйрету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Қазақстандық құқықтық институттар мен оның негізгі салаларын сипаттайды. Қазақстан республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің заңнамалық негіздерін **зерттейді**. Көшбасшылық қасиет пен инновациялық әрекет дағдысын қалыптастыру мәселелерін **қарастырады**. Көшбасшының өз қызметінің құрылымына инновациялық үдеріс нәтижесінде туындаған өзгерістерді енгізу қабілетін қалыптастыруға **бағытталған**. Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық өмірбаянын, оның әдебиеттану ғылымындағы орнын қарастырады. Оның отандық әдебиеттің көркемдік қағидаларын қалыптастырудағы үлесін **зерттейді**.

Оқыту нәтижелері:

– құқықтық, кәсіпкерлік, өндірістік, экологиялық ортада қоғамдық, әлеуметтік маңызға ие құбылыстар мен үдерістерді түсінудің инновациялық әдістерін бағалау мен қолдануға қабілетті.

Қалыптасатын құзыреттер: Теориядағы дағдыларын тәжірибеде қолдану. Кәсіби қызметте арнайы құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сынды құзыреттерді пайдалану

Модуль коды: ӘГ-2

Модуль атауы: Әлеуметтік-гуманитарлық

Пән атауы: Қоғамтану білімі (пәнаралық білім)

Көшбасшылық қасиеттері және инновацияны қабылдау

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Мақсаты: Студенттерді «Көшбасшылық қасиеттері және инновацияны қабылдау» курсынан сабақ беру әдістемесімен таныстыру арқылы пәнге деген шығармашылық қарым-қатынасын қалыптастыру, озат тәжірибелермен таныстыру.

Қысқаша сипаттамасы: Курс мазмұны тұлғаның белсенділік психологиясының бүгінгі күн талабына сай заманауи даму деңгейін қарастырады. Осы пән бойынша білім, білік, дағдыларды игеру болашақ маман иесіне іс-тәжірибе барысында келелі мәселелерді шешуде көмекке келеді. Білімгерлердің пән бойынша игерген ғылыми білімдері келелі мәселелерді шешіп қана қоймай, сондай-ақ оның даму деңгейін болжай алуын көрсетеді. Пәннің бағдарламалық мазмұны төрт модульге бөлінген.

«Көшбасшылық қасиеттері және инновацияны қабылдау» курсы «Психология», «Білім берудегі инновация», «Бағалаудың өлшемдік технологиясы» пәндерімен байланыстыруға болады. Оның бірізділігі педагогика және психологиялық мақсатқа бағыттылықпен пәннің өзіндік логикасымен аңқыталады.

Оқыту нәтижелері:

Жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес *студенттердің білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптар:*

- әдістемелік ғылымның объектісі, пәні, жаңашылдықты қабылдаудағы көшбасшылық қасиетті зерттеу мақсаты мен міндеттері жайлы, оның мазмұны және негізгі болуы тиіс;

- қойылған мақсат пен міндеттерді қол жеткізілген нәтижелермен салыстыра білумен, олардың сәйкестігін бағалай білумен және осы бағалауды ескере отырып, оқытуды әрі қарай жоспарлай білумен байланысты кәсіби біліктерді қалыптасуы тиіс;

- алынған білімді тәжірибеде дұрыс қолдануды білуі тиіс.

Қалыптасатын құзыреттер:

- қазіргі заманғы көшбасшылық аймағы бойынша білім игеру, біртұтас педагогикалық процесті жобалау және жүзеге асыру біліктері мен дағдыларын меңгеруі, позитивті ойлауға қабілетті болу, ұлттық құндылықтар жүйесінде орын алу, этикалық құндылықтар жолын ұстану, ізгілікке және оптимизмге бейім болу;

- синергетикалық, әлеуметтік, психологиялық, көшбасшылық қасиеттерді инновациялық үдерістерде қолдану бағдарламасына енгізілген білімдерді меңгеру, психологиялық-педагогикалық білімдер бойынша іздену, формализациялау, құрылымдау және жүйелеу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогикалық-психологиялық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу;

- гносеология, әдіснама, педагогика және психология саласындағы білімдерді меңгеру, ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктерінің болуы, психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, психологиялық рефлексияға қабілетті болу, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу;

- этникааралық қатынас, адам құқықтары саласы, тұлғаның психологиялық теорияларындағы білімдерді меңгеру, көшбасшылық біліктері мен дағдыларын меңгеру, кәсіби абырой мен педагог-психологтың қадыр-қасиетін, педагогикалық-психологиялық этика нормаларын сақтау, стандартты емес және альтернативті шешім қабылдауды үйреніп, критикалық ойлауға, ұсынысты қолдануда креативті қадам жасай білуді игеру, барлық саладағы көшбасшылықтың әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, білімгерлердің көшбасшылық құқықтарын құрметтеу.

Модуль коды: ӘГ-2

Модуль атауы: Әлеуметтік-гуманитарлық

Пән атауы: Қоғамтану білімі (пәнаралық білім)

Ілиястану

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Мақсаты: Ілияс Жансүгіров шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Ілияс Жансүгіровтің өмір жолы, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипаты, ақындық әлемі, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігі; еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуы және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен проза жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығы, әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігі, ақын шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалы қарастырылып, Ілиястың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйеленіп берілуінің маңызы мен мәнін студенттің ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең таныуына бағытталған. Ілияс мұрасының зерттелу жайы, қазіргі ілиястанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді.

Оқыту нәтижелері:

- Ілияс Жансүгіров туындыларымен танысып, ондағы дәуір демін, қоғам шындығын айқындай біледі; прозалық туындыларындағы көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін ажыратады;

- оқылған шығармалардағы қоршаған орта мен жағдайларға байланысты шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып талдай алады, шығармада көтерілген келелі мәселелерді, тақырыбын, көркемдік ерекшеліктерін салыстыра отырып, қарастыра алады;

- тиісті деректерді келтіре отырып, пікір алмасуларда, диспуттарда өз көзқарасын, пікірін дәлелдей алады, әдеби сын – зертеулерге тезис және конспект жасай біледі.

Қалыптасатын құзыреттер:

- эстетикалық талғам тұрғысынан әдеби шығармаларға жанрлық, идеялық-тақырыптық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдай білу дағдысын игерген;

- ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін әдебиеттану саласы бойынша базалық білімді меңгерген; алған теориялық білімін кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады.

Модуль коды: Л-4**Модуль атауы: Лингвистика****Пән атауы: Тіл біліміне кіріспе****Пәннің пререквизиті:**

Пәннің постреквизиті: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы

Мақсаты: Тіл біліміне кіріспе курсының ең негізгі мақсаты – қазақ тілінің құрылымдық жүйесін құрайтын фонетика, морфология, лексикология, сөзжасам, синтаксис бөлімдерінің әрқайсысына тән объектілерінен теориялық және практикалық ғылыми тұрғыда жүйелі мәлімет беру. Қазіргі қазақ тілі жайлы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты білімгерлерді ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру. Сондай-ақ курсқа байланысты ғылыми еңбектерді, пікірлерді, көзқарастарды талдап, талқылай білу, ұғымдарды, терминдерді меңгеру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Тіл білімі және оның басқа ғылымдармен байланысын; тілдің қоғамдық мәні және оның жүйесі мен құрылымын; тілдің шығуы және тілдердің жасалуы мен дамуын зерттейді; тілдердің пайда болуы туралы теорияларды, жасанды тілдерді; тілдердің генеологиялық, типологиялық классификациясын; тіл білімінің салаларын, олардың зерттеу нысанын қарастырады.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: тіл білімінің басқа ғылым салаларымен байланысын ажырата алады, тілдің шығуы туралы теорияларды меңгереді, тіл білімінің салаларының (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис) ерекшеліктерін және зерттеу аспектісін біледі, жазу және оның даму кезеңдерін, тілдің шығуы туралы теорияларды талдап өзіндік дәлелді пікірлерін ұсына алады.

Модуль коды: ПҚН-6

Модуль атауы: Педагогикалық қызмет негіздер

Пән атауы: Педагогика

Пререквизиттері:

Постреквизиттері: Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Мақсаты: Болашақ мұғалімдердің теориялық-әдіснамалық даярлығын, кәсіби – педагогикалық құзырлығын қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Жаңартылған орта білім мазмұны жағдайында оқытудың жаңаша әдістері мен технологиясын қарастырады. Педагогикалық үдерісті болжау, жоспарлау және басқару, ғылыми талдау әдістерін зерттейді. Педагогиканың гуманитарлық білім және білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекетінің саласы ретіндегі теориялық түсініктерін және қалыптастырады.

Оқыту нәтижелері:

– тәрбиеленушілер мен оқушылардың жеке білім қажеттіліктерін, даму үдерістерінің физиологиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үдерісін болжайды, жоспарлайды және басқара алады, білім беру жүйесі мен педагогикалық ой-өрістің негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы ғылыми түсінік жүйесін қалыптастырған.

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

Педагогика пәнін оқып үйрену келесі **құзыреттіліктерді** қалыптастырады:

- педагогиканың әдіснамалық негіздерін;
- оқыту мен тәрбие процесінің іргелі идеяларын, заңдарын және заңдылықтарын, тұжырымдамаларын және принциптерін;
- педагогиканың негізгі ұғымдарын және түсініктерін;
- тәрбие мен оқытудың мәнін, заңдылықтарын, принциптерін мазмұнын, формалары мен әдістерін;
- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа педагогикалық технологияларының мәнін;
- курс бойынша алған білімдерін тәжірибеде өз бетімен қолдануды;
- мектептегі педагогикалық процесті жобалау мен жүзеге асыруды;
- мектеп жасындағы оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту мақсатын, міндеттерін анықтауды;
- мектеп жасындағы оқушылардың ойлау іс-әрекетін белсендіретін тәсілдерді;
- оқыту мен тәрбиелеудің жаңа педагогикалық технологияларын тәжірибеде пайдалануды.

түйінді құзыреттіліктерін игеруге мүмкіндік береді.

- педагогикалық қызметтің құндылық-мәндік негіздерін игеру;
- кәсіби өзін-өзі дамытудың басты заңдылықтарын меңгеру;
- педагогтің кәсіби өзін-өзі дамытуының тетіктері мен шарттарын білуі **пәндік құзыреттіліктерін** қалыптастыруда қажет.
- кәсіби өзін-өзі дамытуда өзінің әлеуетін;
- кәсіби өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудың жеке бағдарламасын жобалау және жүзеге асыру;
- педагогикалық міндетті шешуге шығармашылықпен қарау;
- кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде арттырып отыруы **арнайы құзыреттілігін** қалыптастырудың шарты болып табылады.

Модуль коды: ПҚН-6

Модуль атауы: Педагогикалық қызмет негіздер

Пән атауы: Оқушылардың физиологиялық дамуы

Пререквизиттері:

Постреквизиттері: Қазақ тілін оқыту әдістемесі, Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктерін, олардың жеке даму процесінде қалыптасу заңдылықтарын және физиологиялық функциялардың педагогикалық әсерлерге реакцияларының ерекшеліктерін зерттеу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жасерекшеліктерінің жалпы заңдылықтарын, олардың физиологиялық қызметтерінің қалыптасуын қарастырады. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтуға, үйлесімді даму және функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіруге бағытталған баланың сыртқы ортамен өзара әрекетін, гигиеналық нормативтер мен талаптарды зерттейді.

Оқыту нәтижелері:

– тәрбиеленушілер мен оқушылардың жеке білім қажеттіліктерін, даму үдерістерінің физиологиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үдерісін болжайды, жоспарлайды және басқара алады, білім беру жүйесі мен педагогикалық ой-өрістің негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы ғылыми түсінік жүйесін қалыптастырған.

Қалыптасатын құзыреттер: Студенттердің өз денсаулығына саналы және жауапты көзқарасын қалыптастыру. Теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеру балалар мен жасөспірімдер ағзасының жас ерекшеліктері бойынша білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді.

Модуль коды: Л-4

Модуль атауы: Лингвистика негіздері

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілі морфологиясы

Мақсаты: Пәннің мақсаты – қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, фонетиканың салалары мен зерттеу әдістері, дыбыстардың классификациясы мен емлесі, қазақ жазуының тарихы, орфоэпия мен орфография, қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары жайлы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру; қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы курсының ең негізгі мақсаты – қазақ тіл білімінің лексикология және фразеология саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі білім беру, алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтап, толықтырып бекітіп отыру

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілінің дыбыстық және лексикалық жүйесін қамтиды. Дауысты және дауыссыз дыбыстар классификациясы мен емлесі; буын, екпін, үндестік заңы, ықпал түрлері, фонетикалық, лексикалық құбылыстар және олардың түрлерін, сөз және мағына, оның түрлерін, семантикалық категориялар, лексикологияның салаларын қарастырады. Орфография және орфоэпия, графика, жазу тарихы, жаңа қазақ әліпбиі жайлы білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- гуманитарлық ғылымдардың даму заңдылықтарын біледі;
- тіл білімі салаларының өзіне тән белгілерін, сөйлесімдегі міндеттерін біледі;
- тіл біліміне қатысты жаһандық мәселелерді талдай алады;
- қарым-қатынас мәдениетін меңгерген;
- инновациялық технологияларды қолдана алады.

пәндік:

- фонетика мен лексикологияның салалары мен зерттеу әдістерін біледі;
- қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның құрамын, жіктелуін түсіндіре алады;
- қазақ тілінің фонетикасы бойынша білімді бағалай алады;
- фонетикалық, фонологиялық және лексикологиялық талдаудың жолдарын үйрету негіздерін біледі және талдау ерекшеліктерін түсіндіре алады;
- педагогикалық шешендік талаптарына сай орфоэпиялық норманы сақтап сөйлейді;
- өздігінен қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына қатысты зерттеу жасай алады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Әдебиет теориясы мен сыны

Пререквизиттері:

Постреквизиттері: Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті

Мақсаты: «Әдебиет теориясы мен сыны» пәнінің басты мақсаты – көркем шығармаларды талдаудың теориялық жолдарын, көркем өнердің күрделі болмысы мен көркемдік ерекшелігін, қоғамдық, танымдық, эстетикалық мән-маңызын таныту. Көркем әдеби шығарманың теориялық қағидаларына сүйене отырып, туындының жетістіктері мен олқылықтарын, дәстүрлілік пен сабақтастық заңдылықтарын, жаңашылдық сипаттарын, эволюциялық дамуы бағытын талдаудың методологиясын болашақ мамандарға түсіндіру, зерттей оқуға дағдыландыру.

Пәнге қысқаша сипаттама: Шығарманың тақырыбы мен идеясы, тип пен характер, сюжет пен композиция, өлең құрылысы, әдеби тіл мен стиль мәселелерін **қамтиды;** Жалпы көркемдік дамудың тарихи сипаты, әр дәуірдегі бағыт-бағдары, әдеби ағымдар мен әдістер, жанрлар және жанрлық түрлер, қаламгердің болмысты бейнелеудегі суреткерлік шеберлігі, шығарманың әдеби көркемдік құрылымы, әдеби үдеріс **қарастырады.**

Оқыту нәтижелері:

- әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.
- қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: поэтикалық тіл ерекшелігін, көркемдік компоненттерін, өлең сөздің теориясын, көркем шығарманы бағалау, эстетикалық қағидалар, суреткерлік шеберлік сырын түсіндіріп, студенттерді көркем шығарманы талдауға дағдылануы тиіс

пәндік:

- әдебиеттің мазмұны мен пішіні, диалектикалық бірлігі, тақырып пен идея, тақырып тандау мәселесін жазушының дүниетанымы мен тақырып өзектілігі мәселелерін аша білуі;

- әдеби сынның қалыптасуы мен даму эволюциясы, сынның көркем әдебиетке тигізер игі әсері, сынның шынайы болуының маңызын пайымдауы;
- әдеби образ және оның жасалу жолдарын, мифтік, романтикалық, реалистік образ өзгешіліктерін ажырата білуі;
- көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін білуі.

Модуль коды: Ө-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Қазақ ауыз әдебиеті

Пререквизиттері:

Постреквизиттері: Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті

Мақсаты: Қазақ ауыз әдебиетінің – халқымыздың бай да, асыл қазынасы екендігін студенттерге ұғындыру, фольклористика ғылымы туралы білік дағдысын дамыту. Ежелгі замандағы рухани мәдениеттің көркем үлгілері еңбек фольклоры мен ғұрыптық фольклор түрлері туралы білім беру.

Батырлық жырдың жанрлық белгілері, көркемдік ерекшеліктері және зерттелуі, олардың көркем үлгілері туралы білім беру, патриотизмге, елді сүйуге тәрбиелеу. Хандық дәуірдің өшпес мұралары – аңыз, әпсаналар мен хикаяттардың көркем үлгілері, жанрлық ерекшеліктері, зерттелуі туралы білім беру, студенттерді ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Хандық дәуірдегі шешендік сөз, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар, олардың жанрлық ерекшеліктері, жиналуы мен зерттелуі жайында білім беру, студенттерді шешен де шебер сөйлеуге, көркем тілдің кестесін меңгеруге тәрбиелеу.

Халық әдебиетіндегі тарихи жырлар, олардың көркем үлгілері, жазба әдебиетімен байланысы туралы білім беру. Тарихи жырлардың көркемдік ерекшеліктері, сюжеттік құрылымы және жиналуы, зерттелуі туралы ұғындыра отырып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруді мақсат етеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Фольклордың ауызша сөз өнері ретіндегі табиғаты, ерекшеліктері, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы жөнінде білім беруге бағытталған. Фольклор, халық даналығы, ауызша сөз өнері, ауыз әдебиетінің туу, таралу, сақталу ерекшеліктері қамтылады.

Фольклор жанрлары, классификациялау принциптері, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер, халықтық проза түрлері, эпос, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар фольклоры қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.
- қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: алдын-ала дайындаған баяндамаларымен, рефераттарымен көпшілік алдында өз ой-толғамын, өзінше түйіндеулерін келтіре отырып (дискуссия) еркін сөйлей біледі; әдеби сын- зерттеулерге тезис және конспект жасай біледі. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын; объективтік және негізгі идеяларды ажыратып, өлең сөздің теориялық негіздерін: ұйқас, шумақ, бунақ, сондай-ақ әлем әдебиетіндегі өлең жүйелерін: силлабикалық, метрикалық, тоникалық өлең өлшемдерін ажырата алады; көркем әдебиеттің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, талдауға ұсынылған шығарма туралы пікір жазып, өзіндік ой толғап, бағалай алады.

Модуль коды: Л-4

Модуль коды: Лингвистика негіздері

Пән атауы: Іскерлік қазақ тілі

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: Қазақ тілінің стилистикасы

Мақсаты: Студенттерді іскерлік салаға қатысты сөздермен таныстыра отырып, сөздерден сөз тіркестерін, сөйлем құрастыруды үйретіп, іскери жағдаятқа қатысты мәтін құрастыра білуге, қазақ тілінде іс қағаздар жүргізуге үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ауызша және жазба іскери сөз әдебі, келіссөз жүргізу, іскерлік кездесуде өзін-өзі ұстауды, таныстырылым, тұсаукесер өткізу дағдыларын; келіссөз жүргізу әдебін қарастырылады. Кәсіби іскерлік қарым-қатынас барысында үйлесімді сөйлеу және мінез-құлық стратегиялары мен тактикасын сауатты пайдалануды қалыптастырады. Қазақ тілінде іс қағаздар жүргізуді, құжат түрлерін, жіктелісін, деректемелерін, қазақ тілінде электронды құжат айналымды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

– көптілді ортада тұлғааралық және мәдениаралық коммуникация барысында әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық ғылым салаларындағы іргелі білім мен дағдылар негізінде олардың қазақстандық қоғамды жаңғырту мен цифрландырудағы рөлі аясында белсенді азаматтық позицияны танытады.

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға, іскерлік келісімдерді жүргізе білуге, іскер адамның имиджін қалыптастыруға дағдыланады.

пәндік:

- құжаттармен жұмыс жасауды біледі;
- іскерлік қазақ тілінің теориясын меңгереді;
- іскерлік құжаттарды рәсімдеп, жазылу стиліндегі ерекшеліктерді танып біледі;
- меңгерген білім, білігін кәсіби тәжірибе, зерттеулер барысында қолданады.

Модуль коды: Л-4

Модуль атауы: Лингвистика негіздері

Пән атауы: Қазақ жазуының тарихы мен емлесі

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: Қазақ тілінің стилистикасы

Мақсаты: Жазу және жазба тіл, жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілі, олардың өзіндік ерекшеліктері, жазудың түрлері, көне түркі жазуы, араб негізді жазу, латын негізді жазу, қазақ тілі графикасының дамуындағы кезеңдер жайында теориялық білім беру, оны практикамен ұштастырып, аталған графика түрлерін меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жазудың маңызы мен қызметі, даму тарихы, фонема және графема ұғымдары, жазудың негізгі категориялары, үндесім заңы және қазақ жазуын қарастырады. Қазақ жазуының тарихы, әліпби түрлері мен емле ерекшеліктері, негізгі орфографиялық қағидалар, ғалымдардың емле ережелері жайлы тұжырымдары, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселелерін сипаттайды. Жаңа емле ережесі бойынша білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: Сыни тұрғыдан ұғынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға; өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға дағдыланады.

пәндік:

–Қазақ тілі графикасының даму, қалыптасу жолы бойынша теориялық материалдарды біледі.

–Арнайы терминдер мен түсініктерді дұрыс және оңтайлы пайдалана алады.

–Көне түркі, төте жазу, орыс тілі негізді жазу, латын негізді жазулардың қазақ жазу мәдениетіндегі орнын саралай алады, оң және теріс әсерін бағамдайды.

– Қазақ жазуының тарихы жайлы ғылыми ақпараттарды түсіндіре алады, осыған орай әртүрлі ақпарат көздерін талдайды әрі пайдалана біледі.

–Тақырыпқа байланысты таныс және стандартты емес жағдайларды ажырата біледі және оны қолдана алады.

–Меңгерген білім, білігін кәсіби тәжірибе, зерттеулер барысында қолданады.

Модуль коды: ПҚН-6

Модуль атауы: Педагогикалық қызмет негіздері

Пән атауы: Инклюзивті білім беру

Пререквизиттер: Педагогика

Постреквизиттер: Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Мақсаты: Инклюзивті білім берудің қағидаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру, инклюзивті білім берудің құқықтық-нормативтік қамтамасыздандыруда кездесіп отырған кедергілерін жою, ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық- педагогикалық қолдауға байланысты заманауи моделдері туралы түсініктері мен инклюзивті тәжірибе аймағында ұйымдастыру мен басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың теориялық негіздерін, инклюзия дамуының тарихи аспектілерін, инклюзивті білім беру модельдерін қарастырады. Инклюзивті білім беру технологиясын, жеке білім беру маршрутын құруды, балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқу үдерісін жоспарлауды, инклюзивті оқыту жағдайында тьюторлық тәжірибені ұйымдастыруды зерттейді.

Оқыту нәтижелері:

– тәрбиеленушілер мен оқушылардың жеке білім қажеттіліктерін, даму үдерістерінің физиологиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үдерісін болжайды, жоспарлайды және басқара алады, білім беру жүйесі мен педагогикалық ой-өрістің негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы ғылыми түсінік жүйесін қалыптастырған.

– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне қатысты өз көзқарасын дәлелдейді; оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік технологияларын ұсынады; оқыту әдістерінің тиімділігін талдайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

Пәнді оқыту үрдісінде келесі құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады:

Білу:

-инклюзивті білім берудің философиясын, әдіснамалық негіздері мен нормативтік-құқықтық базасын;

- инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру мен жобалау аймағындағы басқару құзыреттілігін;

- инклюзивті білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларға философиялық, әдіснамалық, психологиялық- педагогикалық көмек көрсетудің заманауи моделдерін;

- білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үрдіске мамандардың пәнаралық қызметінің моделі туралы;

- жалпы білім беру үдерісіне мүмкіндігі шектеулі балаларды қосудың әртүрлі мәселелерінің жолдарын;

Іскерлікке ие болу:

-балалар мен мүгедектердің құқықтары туралы отандық және халықаралық негізгі тәрбиелерді қолдануы;

- жеке психикалық және психофизиологиялық даму ерекшеліктері мен жалпы, арнайы (бұзылыстардың түрлі типтері бойынша) заңдылықтарын ескеруі;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың түзету-педагогикалық іс-әрекетінің технологиясы мен теориялық білімдері негіздерін қолдануы;

- білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдары жағдайында әртүрлі бұзылыстары бар балаларды тәрбиенің түрлі стратегиялық мүмкіндіктеріне сай және саналы бағалай алуы;

Меңгеруі

- балалардың түрлі іс-әрекеттерін ұйымдастыру қабілетін;

- сыни тұрғыда ойлау әдістерін;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың жүйке-психикалы және дене даму ерекшеліктерін бағалау мен бақылау, дамудағы ауытқуларды анықтау технологиялары мен теориялық негіздерін;

- мемлекеттік әлеуметтік саясат қағидаларын түсіндіруде қалыптасқан медициналы- психологиялық- әлеуметтік жұмыстарды болжау мен моделдеу технологияларын және теориялық негіздерін;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды отбасымен және басқа мамандармен педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру іскерлігін;

Модуль коды: ПҚН-6

Модуль атауы: Педагогикалық қызмет негіздері

Пән атауы: Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

Пререквизитер: Педагогика

Постреквизиттер: Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.

Мақсаты: Студенттердің тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, тәрбие үдерісінің негіздерін және тәрбиелік іс-әрекетінің әдістемесі мен технологиясын танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Қысқаша сипаттамасы: Оқу-тәрбиелік жұмысты ұйымдастыру әдістемесін қарастырады және тәрбиелеу үдерісінің заңдылықтарын, мәні мен мазмұнын қарастырады, жаңартылған орта білім мазмұнын аясында тәрбиелеу қағидаларын зерттейді. Болашақ педагогтың өз бетімен білім алу және кәсіби тұрғыда өз-өзін жетілдіруге мүдделілігін қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

– тәрбиеленушілер мен оқушылардың жеке білім қажеттіліктерін, даму үдерістерінің физиологиялық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үдерісін болжайды, жоспарлайды және

басқара алады, білім беру жүйесі мен педагогикалық ой-өрістің негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы ғылыми түсінік жүйесін қалыптастырған.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

Қалыптасатын құзыреттер: «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» курсын оқыту үдерісінде студент іс-әрекеті жүзеге асыруға теориялық әрі практикалық дайындығын және оның кәсібилігін сипаттайтын көрсеткіштерінің бірлігі ретінде жалпы педагогикалық, әлеуметтік-тұлғалық, пәндік және т.б. құзіреттіліктерді меңгеруі қажет:

- болашақ мұғалімнің құнды түсініктерімен, оның қоршаған әлемді сезіну және тану қабілеттерімен, онда бағдарлану, өзінің рөлін және арналғандығын саналы түсінумен байланысты құнды-мағыналы құзыреттілік;

- мақсатты білім және біліктермен оқу-танымдық іс-әрекетті жоспарлау, талдау, рефлексия, өзіндік талдаумен байланысты қалыптасатын *оқу-танымдық құзыреттілік*;

- болашақ мұғалім іс-әрекетінің дағдысын оқу пәні мазмұндағы, білім беру саласындағы және сонымен бірге қоршаған әлемдегі ақпараттармен қамтамасыз ететін *ақпараттық құзыреттілік*;

- айналадағы адамдармен және оқиғалармен қарым-қатынасын тәсілдерін, топта жұмыс істеу дағдысын, ұжымда әр түрлі әлеуметтік рөлдерді игеруді енгізетін *коммуникативті құзыреттілік*;

- физикалық, рухани және интеллектуалды өзін-өзі дамыту, эмоционалды өзін-өзі реттеу және өзін-өзі қолдау тәсілдерін меңгеруге бағытталған *өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі*.

- коммуникативті: қазақ, орыс, шетел тілдерін, қарым-қатынас технологиясы, педагогикалық риторика және конфликтология, коммуникативті стратегия саласындағы білімдерді меңгеру, конструкциялық диалог ауқымындағы біліктері мен дағдылары, көп мәдениетті, көпэтикалы, көпконфессионалды қоғамдағы қарым-қатынас, педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті және толерантты болу;

- технологиялық: педагогикалық инноватика, педагогикалық технология саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық техногияларды іздеу, бағалау, саралау және қолдану біліктері мен дағдылары меңгеру, жаңашылдыққа қабілетті болу, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге ұмтылу, ынталылығы мен еңбекқорлығын көрсете білудегі *пәндік құзіреттілігі*;

- пәндік, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік жүйелі білімдерді, нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайда кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдану біліктері мен дағдыларын меңгеру, өзін-өзі бағалауға, әділдікке, ақиқатқа ұмтылудағы *бағдарламалық құзіреттілігі*;

- пәнаралық: педагогикалық интеграция теориясы саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары меңгеру, әлеуметтік серіктестікке және педагогикалық ынтымақтастыққа қабілетті болу;

- дамытушы: заманауи педагогикалық антропология саласындағы білімдерді меңгеру, педагогикалық қызметте жоғары мотивацияға ие болу, өз бетімен білім алуға және өзін-өзі тануға ұмтылу;

-ұйымдастырушы-әдістемелік: оқу-инструктивті құжаттамалар, білім беру саласындағы нормативті-құқықтық құжаттар туралы білімдерді меңгеру, ұйымдастырушылық қабілеті болуы, жоғары орындаушылық тәртібінің болуы жатады.

Модуль коды: Л-4

Модуль атауы: Лингвистика

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясы.

Постреквизиттері: Функционалды грамматика негіздері

Мақсаты: Курстың басты мақсаты болашақ мамандарды қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формалары, оны қарастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы және сөз атаулының әлденеше рет өзгеріске ұшыраған түрлері мен олардың топтарға бөлінуі, әр топқа енген сөздердің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде терең теориялық білім беру мақсатын көздейді

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілінің морфологиялық құрылысының теориялық негіздерін, грамматикалық мағына, олардың берілу жолдарын, қазақ тіліндегі сөздердің құрылысын, жұрнақ және жалғау түрлерін, олардың даму эволюциясын, қатысымдық қызметін қарастырады. Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің түрлері, олардың жасалу жолдары, сөз таптары және оның категориялары, түрленуі жайлы білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижесі:

-қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

- жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.

- қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

- сөздердің морфологиялық құрылымын, негізгі грамматикалық ұғымдар мен категорияларды;

- сөз құрамы және морфемалардың жасалу жолын;

- сөз формалары, олардың жасалу жолын;

- сөз таптары, олардың жіктелуі; зат есім, оның лексико-грамматикалық, синтаксистік сипаты; сын есім, оның синтаксистік қызметі; сан есім, оның лексико-семантикалық, морфологиялық сипаты; есімдіктердің жасалу жолы, түрлері;

- етістіктің лексика-семантикалық, морфологиялық сипаты;

- үстеудің морфологиялық белгілері, түрлері;

- еліктеу сөздердің семантикалық, фонетика-морфологиялық, синтаксистік сипаты;

- одағай, оның түрлері, қызметі;

- шылау, олардың түрлері, жасалу жолдарын мақсатты түрде қолдана білуге үйренеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау.

пәндік: қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық игерілуі, сөз және оның формалары, оны қарастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы және сөз атаулының әлденеше рет өзгеріске ұшыраған түрлері мен олардың топтарға бөлінуін меңгеру.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті

Пререквизиттері: Қазақ ауыз әдебиеті

Постреквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті – халқымыздың бай да, асыл қазынасы екендігін студенттерге ұғындыру. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті туралы

түсінік беру. Сол кездегі жыраулардың жырларының көркемдік ерекшеліктері және зерттелуі, олардың көркем үлгілері туралы білім беру, патриотизмге, елді сүйуге тәрбиелеу. Ежелгі және хандық дәуірдің өшпес мұралары – өлең-жырлар, қисса-дастандар т.б. туралы түсінік қалыптастыру. Ежелгі жазу-сызулар, ұлы ғұламалардың еңбектерінің зерттелуі жайында түсіндіру. Ұлы ғұламалардың өлең-жырларын, қисса-дастандарын, зерттеулерін оқыта отырып, ғылымға, білімге, тарихқа жақын болуға тәрбиелеу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тәңірлік дәуір әдебиеті, сақтардың қаһармандық дастандары, ғұндардың батырлық жырлары, түркі жазба жәдігерлері, ислам дәуірі әдебиеті, этикалық-дидактикалық поэзия, Алтын Орда дәуірі әдеби мұралары, таихи шежіре және көркемдік дәстүр қарастырылады. Жыраулар шығармашылығындағы синкреттілік, поэзиясының бейнелілігі жайлы білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

– әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.

– қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: пәнді оқи отырып, студенттердің пән бойынша біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: өлең-жырлар, қисса-дастандар мен зерттеулердің тақырыбы мен идеясын ажырата алады; ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, ғылыммен айналысуға қызығушылығы артады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пәннің атауы: Абайтану

Пререквизиттері: Әдебиет теориясы мен сыны

Постреквизиттері: XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: Абай мұрасының жазылу тарихын, себебін, ақын мақсатын, идеясын танып, шығарма құрылымының жүйесін, көркемдік, тілдік, эстетикалық ерекшелігін аңдатып, мектеп бағдарламасы көлемінде алған түсініктерін тереңдетін, болашақ мамандарға қойылатын талап деңгейінде абайтану ғылымының қыр-сырын танытып, теориялық тұрғыда талдай білуге үйрету, талап қою пәннің бірден-бір алғышарты болмақ.

Студенттерге Абай мұрасының көркемдік-эстетикалық, поэтикалық мәнін, әлеуметтік, идеялық-моральдық, тәлімдік-тағылымдық маңызын жеткізу. Осы мәліметтер ақынның әдеби мұрасын ойдағыдай қабылдауына және игеруіне өте қажет. Абай мұрасына және Абайтану ғылымына жас ұрпақтың, болашақ әдебиетші мамандардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық тұрғыдан зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Қазіргі жағдайда, адамға қажет білімнің көлемі күрт өсуіне байланысты білімді тек қана мәліметтер жиынтығы деп түсіну мүмкін емес. Студенттердің өздігімен білім алу икемін игеруіне, ғылыми және саяси мәліметті өздігімен түсінуіне ықпал жасаған абзал.

Пәнге берілген қысқаша сипаттама: Абайдың шығармашылық өмірбаяны, өскен ортасы, заман көрінісі, қоғамдық жағдай; ақын өлеңдері мен қарасөздерінің тақырыбы, көркемдігі, лирикалары, шығармаларындағы адамгершілік тақырыбы, Абай поэзиясына Шығыс, Батыс әдебиетінің әсері, поэмаларының идеялық мазмұны, қазақ поэзиясына Абай әкелген жаңалықтар, Абайтану ғылымының тууы мен қалыптасу, даму тарихы, Абайтану ғылымының негізін салған ғалымдар еңбектері **қамтылады.**

Оқыту нәтижелері:

- әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.
- қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: алдын-ала дайындаған баяндамаларымен, рефераттарымен көпшілік алдында өз ой-толғамын, өзінше түйіндеулерін келтіре отырып (дискуссия) еркін сөйлей біледі; әдеби сын- зерттеулерге тезис және конспект жасай біледі. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын; объективтік және негізгі идеяларды ажыратып, өлең сөздің теориялық негіздерін: ұйқас, шумақ, бунақ, сондай-ақ әлем әдебиетіндегі өлең жүйелерін: силлабикалық, метрикалық, тоникалық өлең өлшемдерін ажырата алады; көркем әдебиеттің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, талдауға ұсынылған шығарма туралы пікір жазып, өзіндік ой толғап, бағалай алады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пәннің атауы: Мағжантану

Пререквизиттері: Әдебиет теориясы мен сыны

Постреквизиттері: XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: Мағжан шығармаларының әдебиеттегі орнын айқындап, белгілеу, өлеңдерінің негізгі сипаттарын ашып көрсету. Ақын поэмаларының жанрлық-тақырыптық, идеялық-көркемдік ерекшеліктерін жете зерттеп, оларды бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша бағамдау. Мағжан Жұмабаев шығармаларын жан-жақты талдау арқылы оның әдеби процестегі маңызын көрсету, қазақ әдебиеті тарихындағы алар орнын пайымдау.

Пәнге берілген қысқаша сипаттама: Мағжанның шығармашылық өмірбаяны, өскен ортасы, заман көрінісі, қоғамдық жағдай; ақын өлеңдері мен поэмаларының тақырыбы, көркемдігі, лирикалары, шығармаларындағы түркі дүниесі тақырыбы, поэмаларының идеялық мазмұны, қазақ поэзиясына Мағжан әкелген жаңалықтар, мағжантану ғылымының тууы мен қалыптасу, даму тарихы, мағжантану ғылымының негізін салған ғалымдар еңбектері қамтылады.

Оқыту нәтижелері:

- әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.
- қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.
- Мағжан шығармаларын оқу арқылы әдебиетіміздің тарихымен, қалыптасу кезеңдерімен жан-жақты танысады.
- эстетикалық талғам тұрғысынан әдеби шығармаларға ғылыми теориялық талдау жасауға үйренеді. Көркем ойлау, бейнелі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
- көркемдік дамудағы жалғастық пен жаңашылдықты ескере отырып, басты-басты әдеби шығармаларды идеялық, жанрлық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдай білу дағдысын игереді.
- қазақ әдебиетінің ілгері жылжуын ғылыми тұрғыда бағалау мен саралау жолдарын

меңгереді, қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне өзіндік тұрғыда баға беріп, жаңа тұжырымдар айта біледі;

- көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін ажыратады;
- автордың идеялық - адамгершілік концепциясын анықтау мақсатында оқытылатын шығарма кейіпкерлерін, сондай-ақ жанрды, шығармаларды, кейіпкерлерді, сондай-ақ оларда көтерілген келелі мәселерді, көркемдік ерекшеліктерін салыстыра отырып, қарастырады;
- көркемдік дамудағы жалғастық пен жаңашылдықты ескере отырып, басты-басты әдеби шығармаларды эстетикалық талғам тұрғысынан идеялық, жанрлық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдай білу дағдысын игереді.

Құзыреті:

арнайы: альтернативті шешім таба білу біліктері мен дағдыларын меңгеру, сыни тұрғыдан ойлауға, жаңа педагогикалық идеяларды игеруге қабілетті болу;

пәндік:

- автордың идеялық - адамгершілік концепциясын анықтау мақсатында оқытылатын шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып қарастыра білуі;
- жанрды, шығармаларды, кейіпкерлерді, сондай-ақ оларда көтерген келелі мәселерді, көркемдік ерекшеліктерін салыстыра отырып қарастыруы;
- әдеби сын – зертеулерге тезис және конспект жасай білуі.

Модуль коды: Л-4

Модуль атауы: Лингвистика

Пән атауы: Қазақ тілінің стилистикасы

Пререквизиттері: Іскерлік қазақ тілі

Постреквизиттері: Тіл білімінің жаңа бағыттары

Мақсаты: Курстың мақсаты – студенттерді стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыру ұстанымдарымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру. Бұл пән студенттер мен оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі.

Пәнге қысқаша сипаттама: Фонетикалық, лексика-фразеологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік стилистиканы, қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерін, стильдік қатенің түрлерін қарастырады.

Стилистиканың ұғым-категорияларын, зерттеу әдістерін, қазақ тілінің стилистикалық құралдарын, стилистикалық мағына және синонимдерді меңгертуге бағытталған. Тілдік-стилистикалық мәдениетті қалыптастырады.

Оқыту нәтижелері:

- қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.
- қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ойын дұрыс жеткізе білуі, ойын қағазға түсінікті де айқын түсіре алуға даярлау.

- мектеп шәкіртінің жазба жұмыстарындағы фонетикалық немесе грамматикалық қателерін таба біліп, стильдік қателерді болдырмау жолдарын көрсету.

Модуль коды: Л-4

Модуль атауы: Лингвистика

Пән атауы: Функционалды грамматика негіздері

Пререквизиттері: Қазақ жазуының тарихы мен емлесі

Постреквизиттері: Тіл білімінің жаңа бағыттары

Мақсаты: Пәннің негізгі мақсаты – функционалды грамматиканың қалыптасу, даму кезеңдерімен қатар мағынаға негізделген қазақ тілінің терең образды ойлаудағы, тілдік бірліктердің түрлі қызмет атқарудағы мүмкіндігінің орасан екендігін ұғындыру. Білімгерлерді жаңа функционалдық бағыт жетістіктерін пайдалана алуға үйретумен қатар, функционалды грамматикасының өзекті мәселелерімен жан-жақты хабардар ету, өз беттерінше ой қорытып, ізденуге бағыт-бағдар беру және жекелеген функционалды-семантикалық категорияларды зерттеуге бағыттау болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Функционалды грамматика теорияларының қалыптасуына, функционалды грамматиканың функция, функционалды семантикалық өріс, категориялық жағдаят ұғымдарына түсінік беріліп, қазақ тіл білімінде қарастырылған функционалды-семантикалық өрістер **қамтылады**. Қазақ тіліндегі грамматикалық бірліктердің темпоралдылық- мезгіл, персональдылық- жақтылық, посесивтік- меншіктілік, компаративтік- салыстырмалы, каузальдық- себеп, локативтік- мекен, таксис, модальділік, сандық, кеңістік т.б. қызметтері, семантикалық функциялардың өзектелінуінің тәсілдері **қарастырылады**.

Оқыту нәтижелері:

- қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.
- жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.
- қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

Қазіргі кезеңдегі грамматика және оның түрлері туралы мәселелерді; тілдің грамматикалық құрылысын зерттеудің теориялық негіздері мен заңдылықтарын, алған білімін тәжірибе жүзінде тиімді қолдану арқылы белгілі бір дағдыларын қалыптастыра білуі тиіс;

арнайы: формализациялау, құрылымдау және жүйелеу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогикалық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу.

пәндік:

- болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ойын дұрыс жеткізе білуі, ойын қағазға түсінікті де айқын түсіре алуы;
- маман ретінде ұжымда қызмет істей алу қабілетімен қатар, тіл бірліктерін қолдану, олардың жұмсалымдық мүмкіндіктерін игеру дағдысы мен шеберлігі құзыреттілігі қалыптасады.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пәннің атауы: Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Мақсаты: «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» курсының негізгі мақсаты – студенттерге қазақ тілін мектепте жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан, ұлттық менталитеті жоғары, креативті маман даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілін оқыту әдістемесінің әдіснамалық-теориялық негіздерін, даму жолдарын; қазақ тілін оқытудың ұстанымдарын, жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу-әдістемелік кешен, заманауи сабақ үлгілерін, қазақ тілі бойынша оқу мақсаттарын, оқу бағдарламасы бөлімдерін қарастырады. Жоспар түрлерін (ҮОЖ, ҰМЖ, ҚМЖ), жазба жұмыстарды жүргізудің әдістемесін, оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды, БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын жасау әдістемесін меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне қатысты өз көзқарасын дәлелдейді; оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік технологияларын ұсынады; оқыту әдістерінің тиімділігін талдайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- креативті шешім қабылдай алады, қазақ тілі саласында білімін өз бетімен жетілдіруге құзыретті; іскерлік коммуникация мәдениетін меңгерген; іскерлік қарым-қатынаста, жұрт алдында сөйлеуде ойын жағдаятқа байланысты анық, дәл, орынды жеткізе біледі; кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті.

пәндік:

-қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін, өз қызметінде педагогтың нормативтік-құқықтық құжаттарын қолдана алады, қазақ тілі бойынша заманауи сабақты жүйелі жоспарлай алады, оқыту нәтижесін критериалды бағалайды, оқытудың тиімді технологияларын таңдай біледі;

-әр сынып оқушыларының қазақ тілін өз ана тілінің теориялық болмысы ретінде игеру психологиясы мен жас ерекшелігі психологиясын, физиологиялық, жеке бас ерекшелігін баланың қабілетімен байланыстыра алады;

-оқу-танымдық процестің заңдылықтарын негізге ала отырып, оқушының танымын кеңейтетін, ойлауын дамытатын, тілін дамытатын танымдық, лингвистикалық, дидактикалық, инновациялық әдістер мен тәсілдер жүйесін тиімді қолдана біледі; оқушының қазақ тілін оқуға деген мотивтерін анықтап, оны дамытады.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пәннің атауы: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Мақсаты: Әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшелігіне сүйеніп, оны халқымыздың көркем тарихы, «өмір оқулығы» дәрежесінде оқып-үйрету «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінің мақсаты болып табылады. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»

пәні оқушы бойында эстетикалық талғамды дамытып, көркем туындыдағы имандылық пен ізгілікті ой көзімен қарап терең пайымдауға жол ашады.

Пәнге берілген қысқаша сипаттама: Қазақ әдебиеті сабағын жоспарлауды, жоспар түрлерін, әдіс-тәсілдер жүйесін, әдеби шығарманы меңгерту жолдарын, жаңа технологияларды тиімді пайдалануды қарастырады. Әдебиеттен жазба жұмыстарды жүргізудің әдістемесі, оқу бағдарламасындағы «Түсіну және жауап беру», «Анализ және интерпретация», «Бағалау және салыстыру» бөлімдерін, қазақ әдебиеті бойынша БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын жасау әдістемесін, рефлексияны, әдебиеттен білімді критериялды бағалауды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне қатысты өз көзқарасын дәлелдейді; оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік технологияларын ұсынады; оқыту әдістерінің тиімділігін талдайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік:

- студенттер әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік сипаттағы білімділік қорын оқыту әдістемесі ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып талдау, бағалау тұрғысында әдебиеттің сөз өнері ретіндегі пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін, туыстас ғылым салаларымен байланысын, теориялық және әдістемелік сипаттарын тану арқылы пән маманына тиісті құзіреттілікке ие болды;

- оқыту әдістемесі ғылымының әлемдік тәжірибесін, оқыту саласындағы теориялық бағыттар мен мектептер, теориялық, методологиялық ортақтастық мәселелері, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне тән кезеңдік тәжірибелерді терең әрі жан-жақты тануға негізделген пәндік құзіреттілік меңгеріледі.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің пререквизиті: Ежелгі және хандық дәуірдегі қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті: XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: XIX ғ. қазақ әдебиеті – ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтитын пән. Пәннің мақсаты – XIX ғ. ақын-жырауларының шығармашылығын дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі.

Қазақ әдебиетінің әлемдік озық көркемдік әдістермен, жанрлық-стильдік шеберлік үлгілерімен үндестігіне де айрықша назар аударылады. Әлемдік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарын игерген, жаңашылдықпен түлеген реалистік әдебиетіміздің алыптары шығармаларындағы көркемдік шеберлік сырлары да тереңдетіле оқытылады.

Пәнге қысқаша сипаттама: XIX ғасырдағы көрнек өнерінің тұтастығы (синкретизм), оның өкілдері: сал-серілер, әнші-ақындар шығармашылығы, ағартушылық, демократияшыл көзқарастағы ақын-жазушылар шығармашылығы, дәстүрлі айтыс өнері,

нәзира дәстүрінің көріністері, зар заман поэзиясы қарастырылады. Жазба әдебиеттің дамуы, регресшіл және прогресшіл романтизм бағытындағы шығармалар, әдебиеттегі «атамекен» концептісі, XIX ғасыр әдебиетінің зерттелуі, шығармалардың идеялық-тақырыптық, поэтикалық ерекшеліктерін меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

– әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.

– қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттікзамануи-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: көпшілік алдында түсінгенін жеткізе алады; әдеби сын- зерттеулерге тезис және конспект жасай біледі. Дастандар, жырлар, өлеңдердің негізгі идеяларын ажыратып, өлең сөздің теориялық негіздерін: ұйқас, шумақ, бунақ, өлең өлшемдерін ажырата алады.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Қашықтықтан білім берудің әдістемесі мен технологиясы

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Максаты: «Қашықтықтан білім берудің әдістемесі мен технологиясы» курсының негізгі мақсаты – студенттерге қазақ тілін мектепте жаңартылған білім мазмұны жағдайында қашықтықтан оқыту процесінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту. Кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан, ұлттық менталитеті жоғары, креативті маман даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қашықтықтан оқыту және электрондық оқыту әдістерінің әдістемелік мәселелері қарастырылады, қазіргі заманғы білім беру тәжірибесін және алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе, ғылымның жетістіктерін ескеріп, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктерін игереді.

Оқыту нәтижелері:

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– педагогикалық қызметті басқарады, жоспарлайды, болжайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды интербелсенді әдістермен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ұйымдастырады және эксперимент жүргізеді, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды талдайды, оқу үдерісі барысында оқулықтардағы тапсырмалардың тиімділігін бағалайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- креативті шешім қабылдай алады, қазақ тілі саласында білімін өз бетімен жетілдіруге құзыретті; іскерлік коммуникация мәдениетін меңгерген; іскерлік қарым-қатынаста, жұрт алдында сөйлеуде ойын жағдаятқа байланысты анық, дәл, орынды жеткізе біледі; кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті.

пәндік:

- қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарды қашықтықтан ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерін, өз қызметінде педагогтың нормативтік-құқықтық құжаттарын қолдана алады, қазақ тілі бойынша сабақты қашықтықтан оқыту технологиясы талаптарына сай, жүйелі жоспарлай алады, оқыту нәтижесін критериялды бағалайды, оқытудың тиімді технологияларын таңдай біледі.

- әр сынып оқушыларының қазақ тілін өз ана тілінің теориялық болмысы ретінде игеру психологиясы мен жас ерекшелігі психологиясын, физиологиялық, жеке бас ерекшелігін баланың қабілетімен байланыстыра алады;

- оқу-танымдық процестің заңдылықтарын негізге ала отырып, оқушының танымын кеңейтетін, ойлауын дамытатын, тілін дамытатын танымдық, лингвистикалық, дидактикалық, инновациялық әдістер мен тәсілдер жүйесін тиімді қолдана біледі;

- қашықтықтан оқыту жағдайында оқушының қазақ тілін оқуға деген мотивтерін анықтап, оны дамытады.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Жазба жұмыстар әдістемесі

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Мақсаты: Студенттерге мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жүргізілетін жазба жұмыстар арқылы оқушылардың жазбаша сөйлеу икемділіктері мен дағдыларын дамытудың теориялық негіздері мен практикалық жолдарын анықтап, жазба тілін дамытудың тиімді әдістемесін ұсыну

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілі мен әдебиеті сабағындағы жазба жұмыстарының жүйесі, әдістемесі, талдау жұмыстарының түрлері, жазбаша лексикалық жаттығулар, оқушылардың әдеби тіл стильдеріндегі мәтін бойынша жазбаша сөйлеу әрекетін дамыту әдістемесі қарастырылады. Жазба жұмыстардың түрлері, оларға қойылатын талаптар, әдеби мәтінмен жұмыс, эссенің құрылымы мен түрлері, жазба жұмысты бағалау критерийлері меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік:

- студенттер қазақ тілін оқытудың ғылыми - әдістемелік сипаттағы білімділік қорын оқыту әдістемесі ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып талдау, бағалау тұрғысында қазақ тілін оқыту әдістемесінің пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін, туыстас ғылым салаларымен байланысын, теориялық және әдістемелік сипаттарын тану арқылы пән маманына тиісті құзіреттілікке ие болды;

- оқыту әдістемесі ғылымының әлемдік тәжірибесін, оқыту саласындағы теориялық бағыттар мен мектептер, теориялық, методологиялық ортақтастық мәселелері, қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне тән кезеңдік тәжірибелерді терең әрі жан-жақты тануға негізделген пәндік құзыреттілік меңгеріледі.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Шетел әдебиеті

Пререквизиттері: Әдебиет теориясы мен сыны

Постреквизиттері: XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: Шетел әдебиетінің жазылу тарихын, себебін, мақсатын, идеясын танып, негізгі шығармалар құрылымының жүйесін, мектеп бағдарламасы көлемінде алған түсініктерін тереңдетіп, болашақ мамандарға қойылатын талап деңгейінде шетел әдебиетін тану ғылымының қыр-сырын танытып, теориялық тұрғыда талдай білуге үйрету, талап қою пәннің бірден-бір алғы шарты болмақ.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Шетел әдебиетінің тарихы мен даму кезеңдерін, классикалық шығармаларды, қазіргі әдебиетпен сабақтастығын, әлемдік әдебиеттің ХХІ ғасырдағы даму заңдылықтары, оған әсер етуші факторлар, жалпы әдеби процесс, оның даму жолы, бағыттары, қазіргі кезеңдегі түрлі ағымдар мен әдеби бағыттар, оның өкілдерінің шығармашылығы қарастырылады. Көне грек, рим әдебиетінен бастап, ағылшын, француз, герман, орыс әдебиеті өкілдерінің классикалық шығармалары, оның поэтикасы, образдар әлемі меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері:

– әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.

– қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: Шетел әдебиеті өкілдері, олардың еңбектерімен, мазмұнымен танысып, автордың жазу стилін тани алады. Шетел әдебиеті шығармаларының тақырыбы мен идеясын; объективтік және негізгі идеяларды ажырата алады; көркем әдебиеттің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, талдауға ұсынылған шығарма туралы пікір жазып, өзіндік ой толғап, бағалай алады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Іскерлік қарым-қатынас және шешендік өнер

Пререквизиттері: Әдебиет теориясы мен сыны

Постреквизиттері: XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: латыннегізді қазақ әліпбиімен ресми іс қағаздар жүргізуді үйрету; іскерлік коммуникация негіздерін меңгерту және жылдам оқу техникасын игерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тіл мәдениетінің негіздерін, шешен сөйлеудің логикалық-құрылысы, тақырыбы, түрлері, стилі, әдістерін қарастырады. Сөйлеу мәдениетінің қатысымдық сапасын (байлығы, дәлдігі, тазалығы, қысқалығы,

көркемдігі), пікірталастыру мәдениетін, жұртшылық алдында сөйлеуді, академиялық шешендік; сөйлеу этикетін, сөйлеу техникасы және дикциямен жұмысты меңгертеді. Шешендік өнер тарихы, шешендік өнер шарттары, шешенге қойылатын талаптар, шешендік сөздің түрлері (дау, арнау, толғау), идеялық, эстетикалық мазмұны қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер: Іскерлік коммуникация мәдениетін меңгерген; іскерлік қарым-қатынаста, жұрт алдында сөйлеуде ойын жағдаятқа байланысты анық, дәл, орынды жеткізе біледі; кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті; келіссөз жүргізуде сөз әдебін сақтайды, ым-ишара тілін түсіне алады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Тіл білімінің жаңа бағыттары

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілі синтаксисі

Мақсаты: Әлемдік және қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар, олардың зерттеу нысаны, әдістері, лингвистикадағы жаңа парадигма, концепциялар мен ғылыми пікірлерді меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Антропоэзеттік бағыттың қазақ тіл білімінде қалыптасуын, зерттеу нысанын, «тілдегі адам» немесе «адамның тілі» проблемасын, негізгі қағидаттары мен ұстанымдарын, ұлттық сана, оның тілдегі көрінісін қарастырады. Компьютерлік лингвистика және интеллектуалдық технологиялар, психолингвистикадағы эксперименттер, этнолингвистика, психолингвистика, психолингвистиканың қолданбалы аспектілері, этнолингвистика және антропологиялық лингвистика, әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоэкология бағыттарын меңгертуге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- жалпы және қазақ тіл біліміндегі қазіргі ғылыми-зерттеулеріндегі жаңалықтарды және олардың басым үрдістерін біледі;

- ойлау мәдениетін жүйелей, жинақтай біледі, ақпаратты қабылдап, талдай алады;

- ойдың тәуелсіздігі, сын тұрғысынан ойлау, талдау, диагностикалау дағдылары болады;

- ауызша және жазбаша лебізді логикалық жағынан дұрыс, айқын құрады.

пәндік:

- тіл білімінің жаңа бағыттарының концептілерін, негізгі ұғым, түсініктерін, терминдерін біледі;
- когнитивті лингвистика, этнолингвистика, психоллингвистика, паралингвистика, лингвомәдениеттану саласында талдау жасай алады;
- педагогикалық шешендік талаптарына сай сөйлей алады, қарым-қатынас мәдениетін меңгерген;
- қарым-қатынаста жағдаятқа байланысты ойын анық, дәл, орынды жеткізе біледі;
- дұрыс сөз саптауға, кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті;
- сөйлеу барысында қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, көсемсөздерді, афоризмдерді, тілдік фактілерді мақсатты түрде қолдана алады;
- тілдік талғамы қалыптасқан.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

Пререквизиттері: Әдебиет теориясы мен сыны

Постреквизиттері: XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: Студенттерді қазақ әдебиеттану ғылымындағы идеялар эволюциясымен, жаңа ғылыми бағыттармен, әдеби ағымдармен, олардың жетекші идеяларымен, бұл бағытты қалыптастыруға үлес қосқан көрнекті ғалымдардың теориялық тұжырымдарымен таныстыру. Осы пәннің толық курсын оқу барысында студенттерге әдебиеттанудағы қиын да күрделі мәселелер туралы өз беттерінше ой қорытып, ізденуге бағыт-бағдар беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тарихи-әдеби контекстегі әдебиеттану мектептерінің дамуы мен қалыптасуы, биографиялық және психологиялық әдебиеттанудың әдістемесі, тарихи поэтика мен салыстырмалы-тарихи әдебиеттанудың әдістемелері, әлеуметтік бағыттағы әдебиеттану, неомифологизм және мифопоэтика, герменевтика мәселелері қамтылады. Әдебиеттің дамуын әдебиет тарихымен бірлікте талдаудың ғылыми принциптерін игертеді; әдебиеттанудың көркемдік-эстетикалық және ұлттық мәнін; әдеби мектептер мен ағым, көркемдік өсу жолын меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.
- қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: баяндамаларымен, рефераттар жазу арқылы өз ойларын еркін жеткізе алады. Тақырып бойынша түсінгендерін әңгімелей алады және конспект жасай біледі. Әдебиеттанудың бағыттары, зерттеулері туралы ой толғай алады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Пәннің пререквизиті: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті: XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі қазақ қаламгерлері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық мазмұнын, құрылымын, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін тарихи-мәдени үдерістің контекстінде талдау арқылы әдебиеттің

ой - сананы оятудағы міндеттерін айқындау, өзіне дейінгі әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін, жаңашылдықты таныту.

Пәнге қысқаша сипаттамасы: XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби процесс, түрлі ағымдар мен бағыттар, сол дәуірдегі әдебиет өкілдері, олардың әдеби мұралары, көркем шығармалардың тақырыбын, идеясын және поэтикасын қамтиды. Пән алаш әдебиеті, жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылығы, діни-ағартушылық және ағартушы-демократтық бағыттағы шығармалар, қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализм, 1930-60жж. қазақ прозасындағы жаңалықтар, әңгіме жанрының шеберлерін, қазақ романдарын меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.
- қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.
- қазақ әдебиетінің ілгері жылжуын ғылыми тұрғыда бағалау мен саралау жолдарын меңгереді, қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне өзіндік тұрғыда баға беріп, жаңа тұжырымдар айта біледі;
- көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін ажыратады;
- автордың идеялық - адамгершілік концепциясын анықтау мақсатында оқытылатын шығарма кейіпкерлерін, сондай-ақ жанрды, шығармаларды, кейіпкерлерді, сондай-ақ оларда көтерілген келелі мәселерді, көркемдік ерекшеліктерін салыстыра отырып, қарастырады;
- қазақ әдебиетінің даму үрдістері мен заңдылықтарын, теориялық және тұжырымдық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылықтарын, даму тарихын және қазіргі жағдайын біледі;
- сол кезеңдегі қазақ қаламгерлерінің шығармаларының жанрлық – көркемдік ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық мазмұнын өзіне дейінгі әдебиетпен байланыстыра талдауға дағдыланады;
- көркемдік дамудағы жалғастық пен жаңашылдықты ескере отырып, басты-басты әдеби шығармаларды эстетикалық талғам тұрғысынан идеялық, жанрлық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдай білу дағдысын игереді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайды ескере отырып кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгеру

пәндік: XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің қоғамдық-әлеуметтік жағдаймен байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ой-сананы оятудағы міндеттерін айқындау. Өзіне дейінгі әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін, жаңашылдықты тану. Романтизм мен реалистік әдіс-тәсілдердің қабаттаса жүріп, өмір шындығын ашудағы өзіндік ізденістерін бағамдау.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Пререквизиттері: Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері: Заманауи педагогикалық технологиялар

Мақсаты: Білім алушылардың оқу жетістігін қалыптастырушы, жиынтық бағалау үдерісін жоспарлау мен ұйымдастыруға қатысты мәселелерді қарастыру. Жаңартылған орта білім беру мазмұны аясында бағалаудың орны мен рөлі, критериалдық бағалау технологиясының моделі жайында түсінік беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Бағалаудың өлшемдік технологиясының ғылыми негіздері, пәндік және метапәндік нәтижелерді бағалау өлшемдері, критериалды бағалау жүйесі, түрлері, түйінді құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған бағалау, өзін-өзі бағалау механизмі, оқу жетістіктерін мониторингілеу талаптары **қарастырады**. Қалыптастырушы бағалаудағы кері байланысты ұйымдастыру және жиынтық бағалау бойынша тапсырмаларға дескриптор құру, сондай-ақ баға қою механизмі **менгертеді**.

Оқыту нәтижелері:

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне қатысты өз көзқарасын дәлелдейді; оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік технологияларын ұсынады; оқыту әдістерінің тиімділігін талдайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдыларын қалыптасады.

пәндік:

– Қазақ тілі мен әдебиетінің тұжырымдамалық және теориялық негіздерін, оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі орны мен құндылығын, даму тарихын мен қазіргі жағдайын біледі.

– Психологиялық-педагогикалық пәндер бойынша жүйелі білімдерді, оқыту әдістемесін, классикалық және қазіргі заманауи педагогикалық технологиялар туралы білімді игерген; білім алушылардың жетістіктерін қазіргі әдістермен диагностикалауды пайдалануға қабілетті.

– Байқаулар мен тәжірибелер нәтижелерін теориялық тұрғыдан талдау әдістерін компьютерлік үлгілерді қолдануды игереді.

Модуль коды:Л-4

Модуль атауы: Лингвистика

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілі синтаксисі

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілі морфологиясы

Постреквизиттері:

Мақсаты: Синтаксистік тұлғалар, олардың түрлері коммуникативтік грамматикалық дербес синтаксистік формалар, синтаксистік жүйе, салаласа, сабақтаса байланысқан сөз тіркестері мен оларды құруға қатысатын амалдар туралы түсінік беріп, жай сөйлемдердің грамматикалық сипатын, семантикалық-грамматикалық формаларын таныту.

Синтаксис – сөйлем құрудың жүйесі, сондықтан құрмалас сөйлемнің қалыптасу, даму жолдары жайлы теориялық білім беруді, өзіндік белгілері, басқа тілдік конструкциялардан айырмасы, жасалу жолдары мен түрлері жайлы теориялық білім беруді, ал практикалық бөлімі студенттердің меңгерген білімдерін бекітуді, білім дәрежесін толықтыра түсуді мақсат етеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Сөз тіркестері, тіркесу амалдары мен формалары, есімді және етістікті тіркестер; сөйлемді тану принциптері, сөйлем мүшелері, сөйлемнің түрлері, сөйлемнің оқшау сөздер арқылы күрделенуін **қамтиды**. Құрмалас сөйлемнің жалпы сипатын, салалас, сабақтас аралас, көп компонентті түрлері, жасалу ерекшеліктері, құрмалас сөйлемнің интонациясы, тыныс белгілері және оны оқыту жайлы теориялық білім беруге **бағытталған**.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің

жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– жалпы тіл білімінің теориялық тұжырымдарын, функционалды грамматика теориясын түсіндіреді; іскерлік коммуникацияның құралдары мен стратегиясын ажырата алады; қазақ тілінде іс қағаздар жүргізеді.

– қазақ тілінде сауатты, тілдік, стильді нормаға сай жазба жұмыстар, шығарма, эссе, әңгіме құрастырады; тіл білімінің және әдебиеттанудың жаңа бағыттарының даму үдерісіне қатысты болжам жасайды; қазақ тілі мен әдебиеті бойынша зерттеу жүргізеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік:

- сөз тіркестерін жасау тәсілдерін ажырата алады;
- тіркесу формаларын ажыратады, талдайды.
- жай, құрмалас, аралас сөйлемдерді тану принциптерін біледі;
- аталған сөйлемдерге тән ерекшеліктеріне қарай талдайды;
- түр-түрінің жасалу жолдарын ажырата біледі;
- сөз тіркесі және сөйлем заңдылықтарын іс жүзінде дұрыс қолдана білу арқылы әдеби тілде ойын нақты, көркем жеткізе алады, сауатты жазады.

Модуль коды: Ә-7

Модуль атауы: Әдебиет

Пән атауы: XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Пәннің пререквизиті: XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті:

Мақсаты: «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» пәні әдеби шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен байланыстыра білуді меңгерту мақсатын көздейді. Әдебиеттің әр кезеңіне сай ерекшеліктерді талапқа сай білу мен тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінде үлкен із қалдырған тұлғалар шығармашылығының идеялық-көркемдік қасиетін жете түсіну және талдай білу қажеттілігіне орай, студенттерді жеке шығармаларды талдап жіктеуге, жанрлардың типологиялық ерекшеліктерін ажырата білуге, маңызды қорытынды ой түюге дағдыландыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қаламгерлері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық мазмұнын, құрылымын, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін **меңгертеді**. Жекелеген жанрлар: повесть, роман, драматургия, әдеби сын, әдеби зерттеу еңбектерінің туып, даму процесі, сол дәуірдегі қазақтың айтулы ақын-жазушыларының шығармашылық жолы **қарастырылады**, XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби процесс, бағыттар мен ағымдар **сипатталады**.

Оқыту нәтижелері:

– әдебиет теориясы мен сынын, поэтикасын түсіндіреді, сын тұрғысынан талдайды; қазақ әдебиеті тарихындағы негізгі кезеңдерді, бағыттарды, мектептерді, оның өкілдерін ажырата алады; әдеби тұжырымдарды салыстырады.

– қазақ және шетелдік ақын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

- көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын: авторлық, объективтік және негізгі идеяларды ажырата алуы тиіс, өлең сөздің теориялық негіздерін:

- ұйқас, шумақ, бунақ, сондай-ақ әлем әдебиетіндегі өлең жүйелерін силлабикалық, мтерикалық, тоникалық өлең өлшемдерін қазақ ақындары шығармаларынан тауып, салыстыра зерттеуге төселу;

- жанр табиғатын тануға, образдарға талдауға, характерлік сипаттарды анықтауға икемдеу.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: алдын-ала дайындаған баяндамаларымен, рефераттарымен көпшілік алдында өз ой-толғамын, өзінше түйіндеулерін келтіре отырып (дискуссия) еркін сөйлей біледі; әдеби сын- зерттеулерге тезис және конспект жасай біледі. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын; объективтік және негізгі идеяларды ажыратып, өлең сөздің теориялық негіздерін: ұйқас, шумақ, бунақ, сондай-ақ әлем әдебиетіндегі өлең жүйелерін: силлабикалық, метрикалық, тоникалық өлең өлшемдерін ажырата алады; көркем әдебиеттің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, талдауға ұсынылған шығарма туралы пікір жазып, өзіндік ой толғап, бағалай алады.

Модуль коды: ФПОӨ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Заманауи педагогикалық технологиялар

Пререквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Постреквизиттері:

Мақсаты: Заманауи педагогикалық технологиялардың методологиялық - теориялық негіздерін, оқыту ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Оқытудың заманауи педагогикалық технологиялары, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың дәстүрлі емес әдістерінің педагогикалық, әдіснамалық негіздері, инновациялық технологиялардың негізгі қағидалары, технологияларды таңдауда оқушының қабілетін, психологиялық және жас ерекшелігін ескеру мәселелері қарастырылады. Модульдік оқыту технологиясы, кейс технологиясы, жобалау технологиясы, сын тұрғысынан ойлау технологиясы, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқушылардың мотивациясын туғызу, оқу мақсатын, критерийлерін, тапсырмаларды әзірлеуде Блум таксономиясын пайдалану, сабақты зерттеу Lesson study, сауалнама, сұхбаттасу, бақылау, қазіргі мұғалімнің түйінді құзыреттіліктері, моделі меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері:

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– педагогикалық қызметті басқарады, жоспарлайды, болжайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды интербелсенді әдістермен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ұйымдастырады және эксперимент жүргізеді, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды талдайды, оқу үдерісі барысында оқулықтардағы тапсырмалардың тиімділігін бағалайды.

Құзыреті:

арнайы: Заманауи педагогикалық технологияларды пайдаланып оқытудың мақсат-міндеттерін анықтай алу іскерлігі;

пәндік: Заманауи педагогикалық технологиялар арқылы оқытудың жүйелі сипатын, оқу материалын ретті дұрыс жеткізуді, жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың пайда болу себептерін, заманауи білім беру технологияларының

қатарындағы: мәселені оқытуда, әртүрлі деңгейлік оқытуды, оқытудың ұжымдық жүйесін, оқытудың зерттеушілік әдістерін т.б. танып, ерекшеліктерін ажырата алады.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Мектепте этнографизмдер негізінде ұлттық тәрбие беру

Пререквизиттер: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Постреквизиттері:

Мақсаты: Қазақ этнографиясы жөнінде жалпы түсінік, анықтама бере отырып, этнографияның мазмұнын, этнографизмдердің зерттелуін, жіктелуін, халық өмірімен байланысын теориялық тұрғыда түсінік беріп, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында этнографизмдерді мәтін негізінде оқыта отырып ұлттық тәрбие беру мәселелерін меңгерту

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ этнографиясы: анықтамасы, мазмұны, зерттелуі; қазақ халқының этносаяси тарихы, дәстүрлі қазақ қоғамының рухани және материалдық мәдениеті, шаруашылығы, әлеуметтік өмір тіршілігінің сан түрлі салалары, діни наным-сенімдері, ауыз әдебиеті мен дәстүрлі ән-күй өнері; қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы; әдет-ғұрып, салт-сана қарастырылады. Этнографизмдерді классификациялау мәселесі, түп-төркіні; тұрмыстық заттарға байланысты этнографизмдер; салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты этнографизмдер; діни наным-сенімге қатысты атаулар; қазақ тіліндегі өлшем және тәулік кезеңдері атаулары меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері:

– қазіргі қазақ тіл білімі салалары бойынша теориялық білімін көрсетеді; тіл білімінің жаңа бағыттарын жіктейді; жазу теориясы бойынша ғылыми мәліметті баяндайды; тілдік объектілердің стильдік ерекшеліктерін сипаттайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдыларын меңгеру.

пәндік: этнографизмдерді талдап, түрлеріне жіктеп, жасалу жолдарын халықтың мәдени өмірімен сабақтастырып, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тиімді, дұрыс қолдана білу.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Педагогикалық шеберлік

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Постреквизиттері:

Мақсаты: Студенттердің педагогикалық және кәсіби шеберлігін, құзырлылығын және сабақ беру әдістемесін үздіксіз жетілдіру арқылы студенттердің сапалы білім алуына, шығармашылық деңгейінің жоғары сатыға жетуіне ықпал етудің жолдарын үйрету. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ісін жоғары деңгейге жеткізуге, кәсіби сауаттылықтарын жетілдіруге, оқыту процесіне жаңа технологияларды ендіру арқылы оқыту сапасын арттыруға ұйытқы болуға, парасатты жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу-тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына және мемлекеттік білім беру стандартына сай жүргізуге баулу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Педагогикалық шеберлік компоненттері; мұғалімнің кәсіби ерекшеліктерін; педагогикалық қызмет деңгейлері мен мінез-құлқын; педагогикалық эрудицияны; педагогтың теориялық дайындалу мазмұнын; жоғары және орта оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісін басқарудағы оқытушының шеберлігін; «мұғалім -оқушы», «мұғалім-ата-ана» жүйесіндегі педагогикалық қарым-қатынасты **зерттейді**. Педагог мамандығындағы актерлік, режиссерлік шеберлік элементтерін, педагогикалық шеберліктегі басқару технологиясын; педагогикалық қарым-қатынастағы пантомимика, пластику; сөз әрекетінің психологиялық құрылымын, педагог сөзі тиімділігінің әлеуметтік-психологиялық факторларын; педагогикалық такт, этику, рефлексияны **меңгертеді**.

Оқыту нәтижелері:

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– педагогикалық қызметті басқарады, жоспарлайды, болжайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды интербелсенді әдістермен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ұйымдастырады және эксперимент жүргізеді, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды талдайды, оқу үдерісі барысында оқулықтардағы тапсырмалардың тиімділігін бағалайды.

Құзыреті: *арнайы:* Теориялық білімдерін өмір көріністерімен ұштастыру, оқушылардың мамандыққа байланысы қызығушылықтарын арттыру, пәнге байланысты тұрақты қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

пәндік:

– озық тәжірибені тарату және танымдық жұмыстарды ұйымдастыру; әдістемелік және ақпараттық мәліметтер жинағын құру;

– педагогтардың оқу-әдістемелік, тәжірибелік іс-әрекетін ұйымдастыру;

– студенттердің ой-өрісін, шығармашылығын дамытуға, дүниетанымын кеңейтуге арналған жұмыстарды ұйымдастыру.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Педагогтың оқу-әдістемелік құжаттары

Пререквизиттері: Бағалаудың өлшемдік технологиялары

Постреквизиттері:

Мақсаты: Білім беру үдерісінде зманауи сабақты жоспарлаудың жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерін ұсыну арқылы студенттерге қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, әдебиетті меңгертудің практикалық жолдарын үйрету арқылы кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы жетілген, ұлттық ділі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ғылыми және интеллектуалдық әлеуеті жоғары мұғалім даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі басшылыққа алатын құжаттарды: ҚР «Білім» туралы заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары; оқу үдерісіне қазіргі заманғы оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдарды енгізу, оқу бағдарламалары, типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу-

әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік құралдар, оқытудың жаңа технологиялары, пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, критериялы бағалау нұсқаулығы т.б. меңгертеді

Оқыту нәтижелері:

– білім беру мекемелеріндегі әдістемелік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстарға өзгеріс енгізе алады, бағалайды; оқу үдерісінде техникалық құралдарды пайдаланады; қазақ тілі мен әдебиетін қашықтықтан оқыту технологияларымен оқытады; педагогикалық этикетті, дәстүрді сақтайды.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– педагогикалық қызметті басқарады, жоспарлайды, болжайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды интербелсенді әдістермен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ұйымдастырады және эксперимент жүргізеді, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды талдайды, оқу үдерісі барысында оқулықтардағы тапсырмалардың тиімділігін бағалайды.

- Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы аясындағы зерттеу нәтижелерінің педагогикалық, психологиялық, оқу-әдістемелік талаптарға сәйкес жан-жақты меңгерілуі негізгі бағдар болып саналады.

- пәннің негізін құрайтын оқу материалдарын педагогикалық-психологиялық кәсіптік құзыреттілік бойынша меңгеру арқылы студенттер әдебиетті оқыту саласындағы білімділік және ғылыми тәжірибемізді дүниежүзілік деңгейдегі яғни жалпы адамзаттық құндылықтармен ұштастыра меңгеру арқылы адамзаттық гуманизм ұстанымы тұрғысында қалыптасады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- педагогикалық қызметін жоспарлауға, болжауға икемді, педагогиканың теориялық әдістемелік, дидактикалық, этнопедагогикалық негіздерін қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында қолдануға дағдыланған, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді талдап, тану, оларды оқыту үдерісінде басшылыққа алып, пайдалану дағдылары қалыптасқан; өз бетімен білім алу және өзін-өзі тану қабілеттеріне ие.

пәндік:

- педагогикалық қызметтің методологиялық - теориялық негіздерін меңгерген, ерекше білімді қажет ететін шәкірттерге бейімделген оқыту технологиялары мен адекватты психологиялық климатты ұйымдастыруды шеше алады, оқушыларды әлеуметтендіру және өзін-өзі анықтау үдерісінде оларға педагогикалық қолдау көрсетуге қабілетті; педагогикалық білімін өз бетімен жетілдіруді игерген.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Жетісу әдебиетін оқыту

Пререквизиттері: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері:

Мақсаты: Әдебиеттің сөз өнері әрі ғылым ретіндегі ерекшелігіне сүйеніп, оны халқымыздың көркем тарихы, «өмір оқулығы» дәрежесінде оқып-үйрету «Жетісу әдебиетін оқыту» пәнінің мақсаты болып табылады. «Жергілікті ақын-жазушылар шығармашылығын оқыту» пәні оқушы бойында эстетикалық талғамды дамытып, көркем туындыдағы имандылық пен ізгілікті ой көзімен қарап терең пайымдауға жол ашады. Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінің орта және жоғары сыныптарындағы әдебиет сабақтарында жыраулар шығармаларын оқытудың әдістемесін көрсету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жетісу өңірінен шыққан акын – жазушылар өмірі мен шығармашылығын оқыту арқылы туған өлке тарихы, мәдениеті, әдебиеті меңгертіледі. Жергілікті әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесі қамтылады. Жетісу жеріндегі акын-жазушылардың әдеби мұрасы, оның идеялық-композициялық ерекшеліктері, поэтикасы, қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығы, жергілікті әдебиет өкілдерінің бағдарламада қамтылуы, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

– қазақ және шетелдік акын-жазушыларының шығармашылығына идеялық-мазмұндық, жанрлық ерекшелік, сюжеттік-композициялық, стильдік, поэтикалық тұрғыда кешенді талдау жасайды; шешендік өнердің даму тарихын салыстырады.

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

- Қазақ әдебиетін оқытудың соңғы бір жарым ғасырдан астам кезеңге созылған пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін және содан бергі уақыттағы әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы аясындағы зерттеу нәтижелерінің педагогикалық, психологиялық, оқу-әдістемелік талаптарға сәйкес жан-жақты меңгерілуі негізгі бағдар болып саналады.

- «Жетісу әдебиетін оқыту» пәннің негізін құрайтын оқу материалдарын педагогикалық-психологиялық кәсіптік құзыреттілік бойынша меңгеру арқылы студенттер әдебиетті оқыту саласындағы білімділік және ғылыми тәжірибемізді дүниежүзілік деңгейдегі яғни жалпы адамзаттық құндылықтармен ұштастыра меңгеру арқылы адамзаттық гуманизм ұстанымы тұрғысында қалыптасады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік:

- студенттер әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік сипаттағы білімділік қорын оқыту әдістемесі ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып талдау, бағалау тұрғысында әдебиеттің сөз өнері ретіндегі пайда болу, даму, қалыптасу үдерісін, туыстас ғылым салаларымен байланысын, теориялық және әдістемелік сипаттарын тану арқылы пән маманына тиісті құзіреттілікке ие болды;

- оқыту әдістемесі ғылымының әлемдік тәжірибесін, оқыту саласындағы теориялық бағыттар мен мектептер, теориялық, методологиялық ортақтастық мәселелері, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне тән кезеңдік тәжірибелерді терең әрі жан-жақты тануға негізделген пәндік құзыреттілік меңгеріледі.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атау: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Мектептегі қазақ тілі курсы

Пререквизиттері: Қазақ тілін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері:

Мақсаты: мектепте қазақ тілін оқыту үдерісінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, студенттерге қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, тілді меңгертудің практикалық жолдарын үйрету арқылы кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы жетілген, ұлттық ділі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ғылыми және интеллектуалдық әлеуеті жоғары филолог мұғалім даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілінің білім беру мекемелерінде оқытылу тарихы, қазақ тілі бағдарламалары ондағы өзгерістер, қазақ тілін оқыту әдістемесінің

тарихы, оқулықтардың басылуы қарастырылады. Қазіргі мектептегі «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны, оны оқытудың қағидалары мен ұстанымдары, интербелсенді оқыту әдістемесі, қазақ тілінен алған білімді бағалау әдістері меңгертіледі.

Күтілетін нәтиже:

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне қатысты өз көзқарасын дәлелдейді; оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік технологияларын ұсынады; оқыту әдістерінің тиімділігін талдайды.

– педагогикалық қызметті басқарады, жоспарлайды, болжайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды интербелсенді әдістермен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ұйымдастырады және эксперимент жүргізеді, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды талдайды, оқу үдерісі барысында оқулықтардағы тапсырмалардың тиімділігін бағалайды.

Құзыреті:

арнайы:

- кәсіби және өмір жағдаяттарында кездесетін проблемаларды шешуде тілдік-қатысымдық дағдыларды өз мақсатына қарай орынды қолдана алады.

пәндік:

- сөйлесім біліктіліктері (сөйлесім әрекетінің түрлері) мен тілдік білімдердің бірлігі және оларды қолдана алады;

- «Қазақ тілі» пәнінің терминдері мен ұғымдарын терең меңгереді, психологиялық және педагогикалық қағидаларды ұстануы, оқытудағы дәстүрлі және инновациялық технологияларды меңгере алуы, қазақ тілін оқытудың ерекшелігін түсінуі, кәсіби этикетті меңгереді;

- «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындай алады, білімін бағалауға құзыретті.

Модуль коды: ФПОӘ-8

Модуль атауы: Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Пән атауы: Мектептегі қазақ әдебиеті курсы

Пререквизиттері: Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Постреквизиттері:

Мақсаты: Мектепте қазақ әдебиетін оқыту үдерісінің ерекшеліктерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, студенттерге қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесін, әдебиетті меңгертудің практикалық жолдарын үйрету арқылы кәсіби деңгейі жоғары, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы жетілген, ұлттық ділі қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, ғылыми және интеллектуалдық әлеуеті жоғары филолог мұғалім даярлау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ әдебиетінің мектепте оқытылу тарихы; қазақ әдебиетінен жазылған алғашқы оқулықтар; тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиетін оқытудың мазмұндық ерекшелігі қарастырылады. Қазақ әдебиеті пәні бойынша жаңартылған білім беру мазмұнын; қазақ әдебиеті пәні бойынша жүргізілетін жазылым тапсырмаларын, қазақ әдебиеті пәнінен БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын жасау әдістемесін, жеке пәндердің әдістемесін жасаудағы ғалымдар ізденістері, әдіскерлердің әдістемелік ізденістерін бүгінгі оқыту ісімен сабақтастығын, өміршендігін меңгертеді.

Күтілетін нәтиже:

– қазақ тілі мен әдебиеті бойынша оқу, бағалау, дидактикалық материалдарын дайындайды; пән бойынша оқу-әдістемелік кешендерді әзірлейді; мектептегі қазақ тілі және әдебиеті бойынша қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды құрастырады; қазақ тілі мен

әдебиетін меңгертуде тәрбие үдерісін ұлттық құндылықтар, этнографизмдер негізінде ұйымдастырады.

– қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының даму, қалыптасу жүйесіне қатысты өз көзқарасын дәлелдейді; оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік технологияларын ұсынады; оқыту әдістерінің тиімділігін талдайды.

– педагогикалық қызметті басқарады, жоспарлайды, болжайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды интербелсенді әдістермен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен ұйымдастырады және эксперимент жүргізеді, пән бойынша базалық – нормативтік құжаттар мен оқулықтарды талдайды, оқу үдерісі барысында оқулықтардағы тапсырмалардың тиімділігін бағалайды.

Құзыреті:

арнайы:

- кәсіби және өмір жағдаяттарында кездесетін проблемаларды шешуде тілдік-қатысымдық дағдыларды өз мақсатына қарай орынды қолдана алады.

пәндік:

- «Қазақ әдебиеті» пәнінің терминдері мен ұғымдарын терең меңгереді, психологиялық және педагогикалық қағидаларды ұстануы, оқытудағы дәстүрлі және инновациялық технологияларды меңгере алуы, қазақ тілін оқытудың ерекшелігін түсінуі, кәсіби этикетті меңгереді;

- «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындай алады, білімін бағалауға құзыретті.